

«БЕКІТЕМІН»

Халықаралық Тараз инновациялық институтының ректоры, ф.ғ.д., профессор

«01» _____



«Қазақстанның болашағы – білімді жастар!» тақырыбында облыстық студенттер арасында өтетін пікірсайыс турнирінің ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

1. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай облыстық студент арасында «Қазақстанның болашағы – білімді жастар!» тақырыбында Халықаралық Тараз инновациялық институтының «Ректор кубогі – 2021» атты пікірсайыс турнирі ұйымдастырылады.

2. Турнирді ұйымдастырушы Жамбыл облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігі, Халықаралық Тараз инновациялық институты.

II. Турнирдің мақсаттары мен міндеттері

«Жастар арасында пікірсайыс ойындарын ұйымдастыру және өткізу» тақырыбындағы әлеуметтік маңызды жобасы шеңберінде ұйымдастырылуда.

Пікірсайыс турнирінің басты мақсаты – бүгінгі жаһандану дәуірінде Қазақстан сияқты жас мемлекеттің ары қарай дамуы үшін өз болмыс-бітімін, ана тілін, ұлттық рухын, намысын сақтап қалу, бүгінгі қоғамның ашындыратын мәселелерін талқылап, жастардың бойындағы патриоттық сезімін күшейту, студенттер арасындағы достық сезімді нығайта отырып, оларды қоғамдағы әлеуміт маңызы бар мәселелерді шешуге шақыру.

III. Турнирдің талаптары мен шарттары

- 1-команда 2-студенттен тұрады.
- Турнирге 1-ші және 4-ші курс студенттері қатыса алады.
- Қарсылас командаға құрметпен қарау.
- Пікірсайыс қағидаларын қатаң ұстану.
- Берілген уақытты тиімді пайдалану.
- Турнир үстіміздегі жылдың сәуір айының 24-ші жұлдызында Халықаралық Тараз инновациялық институтында сағат 09.00-де басталады. Кешіккен топ ойынға қатыстырылмайды.
- Турнир форматы: Американдық-парламенттік формат (АПФ) және (ЛД)
- Әрбір турнирге қатысушы студент өзімен бірге медициналық бетпәрде және медициналық қолғап алып келуі міндеттеледі.